257. Әлемді шарлаған Шарбакова талантымен сүйсінтті: Астана қаласындағы Қазақ ұлттық музыка академиясының үлкен концерт залында Ш. Шарбақованың концерті өтті / Н. Қалқа // Айқын. – 2009. – 21 сәуір. – 5 б.

258. Бала тілі – бал / Н. Қалқа // Жыл – он екі ай. – 2009. – № 2. – 55 – 56 б.

259. Балалар жазушысының жаңа кітабы / Н. Қалқа // Айғақ. – 2009. – 22 сәуір (№ 15). – 4 б.

260. Бірлескен инвестициялық қор құрылады / Н. Қалқа // Президент және Халық. – 2009. – 19 маусым (№ 24). – 2 б.

261. Елім деп өткен ер еді / Н. Қалқа // Ақиқат. – 2009. – №10. – 62 – 66 б.

262. «Заман-ай, ақ-қарасын қатар қырған...» / Н. Қалқа, дайынд. С. Әйтенова // Жетісу. – 2009. – 30 мамыр (№ 61). – 10 б.

263. Кооперативтердің күні туды / Н. Қалқа // Президент

және Халық. – 2009. – 31 шілде (№ 30). – 2 б.

264. Қазақы мінез: қаламгер Қ. Әлімқұлов туралы ой толғау / Н. Қалқа // Ана тілі. – 2009. – 12 ақпан (№ 6). – 10 б. ; Қазақстан-Заман. – 2009. – 12 – 18 ақпан. – 10 б.

265. «Түбі мен ақталамын бұл жаладан...» / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2009. – 27 мамыр (№ 184/187). – 7 б.

2010

266. Әр қадамы адал іс, адал тірлік / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2010. – 6 қараша (№ 459/460). – 8 б.

267. Ел тарихымен тамырлас / Н. Қалқа // Президент және Халық. – 2010. – 16 сәуір (№ 17). – 3 б.

2011

268. Біздің Біржан / Н. Қалқа // Айқын. – 2011. – 31 наурыз (№ 55). – 25 б.

269. Дүмше молда тіл бұзар / Н. Қалқа // Тіл және қоғам. – 2011. – № 2. – 53 – 56 б.

270. Жылдың жақсы аяқталатына үміт мол / Н. Қалқа // Эколог. – 2011. – 22 шілде (№ 29). – 3 б.

271. Өлең – сөздің кеніші / Н. Қалқа // Үркер. – 2011. – № 11. – 16 – 18 б.

2012

272. Негізгі мақсатымыз – қоғамдық бақылау институттарын дамыту : Астана қаласының білім саласындағы бақылау департаментінің директоры Қ. Әбдібековпен сұхбат / Н. Қалқа // Айқын. – 2012. – 4 сәуір. – 6 б.

273. Тұғыры биік тұлға / Н. Қалқа // Айқын. – 2012. – 24 мамыр (№ 93). – 23 б.

2014

274. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты. Ана тілім – ар-намысым алаулаған, тіл жоқ жерде кең дүние тар-ау маған / Н. Қалқа // Тіл. – 2014. – № 5-6. – 30-31 б.

2015

275. Бақытын тапқан Бауыржан / Н. Қалқа // Ана тілі. – 2015. – 12 – 18 қараша (№ 45). – 10 б.

276. Ғасырда бір туар үлкен жүрек тоқтады – Нұрлан Қалқа, ақын / Н. Нұрахмет // ҚазАқпарат. – 2015. – 11 желтоқсан.

277. Елбасының бастамасы игілікті істерге арқау болуда / Н. Қалқа // Айқын. – 2015. – 27 мамыр (№ 94). – 1,4 б.

278. Құқығымызды сотта қорғай білейік / Н. Қалқа // Айқын. – 2015. – 1 қазан (№ 182). – 27 б.

279. Туған қызы мен немересі алдап соқты // Егемен Қазақстан. – 2015. – 10 қыркүйек (№ 172). – 9 б.

280. «Түбінде Днепрдің жараландым...» – деп толғанған майдангер хаты сұрапыл жылдардан сыр шертеді / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2015. – 8 мамыр (№ 86). – 12 б.

2016

281. Алыбаев абыройы / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2016. – 20 мамыр (№ 95). – 9 б.

282. Әдебиет туралы пікір айтқанда абай болғанымыз жөн / Н. Қалқа, дайынд. А. Жұмабайқызы // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 11 – 17 қараша (№ 45-46). – 7 б.

283. Фибратты ғұмыр иесі / Н. Қалқа // Айқын. – 2016. – 21 қазан (№ 157). – 5 б.

284. Елбасы манифесі жалпыадамзаттық келісім алаңында бас қосуға үндейді / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан.

- 2016. – 13 сәуір (№ 69). – 5 б.
285. Ержүрек қазақ офицері / Н. Нұрахмет // ҚазАқпарат. – 2016. – 9 мамыр.
286. Заң үстемдігін қамтамасыз ету – соттың басты міндеті / Н. Қалқа // Айқын. – 2016. – 26 қаңтар (№ 11).
287. Көркемдіктің көкейтесті көкжиегі / Н. Қалқа (газет тілшісінің сауалына жауап) // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 11 қараша (№ 45-46). – 7 б.
288. Қаламгер бақыты / Н. Қалқа // Жетісу. – 2016. – 20 ақпан (№ 23). – 4 б.
289. Қаһарман барлаушы / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2016. – 10 мамыр (№ 88). – 4 б.
290. Тура жолдан таймаған / Н. Қалқа // Ана тілі. – 2016. – 16-22 маусым.
291. Тұлпардың тұяғы / Н. Қалқа // Ана тілі. – 2016. – 17-23 қараша (№ 46). – 7 б.
292. Ұлағатты ұстаз, күрескер тұлға / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2016. – 13 қаңтар. – 9 б.
293. «Халықтың сөйлейтін едім сөзін кілең...» / Н. Қалқа // Айқын. – 2016. – 31 желтоқсан (№ 196).

2017

294. Болмысы бөлек Жолшы аға : эссе / Н. Қалқа // Жетісу. – 2017. – 16 наурыз (№ 31). – 3 б.
295. «Мен де бір ұлың едім дәріптеген...» / Н. Қалқа // Жетісу. – 2017. – 17 қаңтар. (№ 6) – 3 б. ; Хантәңірі. – 2017. – 4 ақпан (№ 7 – 8). – 7 б.
296. Тағылымы мол тәлімгер : [қоғам қайраткері Қ. Нұрпейісұлы жайлы] / Н. Қалқа // Ана тілі. – 2017. – 23-29 қараша. – 12 б.
297. Цифрлы технология бәсекеге қабілеттілікті арттырады / Н. Қалқа // Айқын. – 2017. – 14 қазан.

2018

298. Бітімгершілік – биік адамгершілік іс. ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасы Ж. Асановпен сұхбат / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2018. – 14 қараша. – 5 б.
299. Жақып Асанов: отандық сот жүйесіне жүктелген басты мақсат – халық сенімін арттыру / Н. Қалқа // ҚазАқпарат. – 2018. – 14 қараша.
300. Татуласу – дауды шешудің ең тиімді әдісі / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2018. – 13 сәуір (№ 70). – 6 б.
301. Ұлы дала елінің бойтұмары / Н. Қалқа // Аігун. – 2018. – 6 шілде (№ 103). – 2 б.
302. Шырағы оның сөнбейді... / Н. Қалқа // Алаш айнасы (сайты). 2018. – 16 маусым.

2019

303. Әділдіктің бағдаршамы / Н. Қалқа // Егемен Қазақстан. – 2019. – 19 маусым (№ 115). – 5 б. ; // Сыр бойы. – 2019. – 25 маусым (№ 93). – 2 б.
304. Мұқағали күнтізбесі жарық көрді / Н. Қалқа // Алматы ақшамы. – 2019. – 12 наурыз.

2020

305. Алдымен өзімізден бастайық / Н. Қалқа, Жоғарғы Сот төрағасының кеңесшісі // Егемен Қазақстан. – 2020. – 11 желтоқсан.
306. Бағлан Мақұлбеков: Тәртіп болмаған жерде береке де, бірлік те болмайды / Н. Қалқа // Түркістан (сайты). – 2020. – 5 қыркүйек.
307. Болмысы бөлек азамат / Н. Қалқа // Ана тілі. – 2020. – 29 қазан (№ 44). – 6 б.

308. Даладай дарқан ағам еді / Н. Қалқа // *Jetisý.* – 2020. – 7 қараша.

309. Жаңа жинақ / Н. Қалқа // *Заң газеті.* – 2020. – 3 қараша (№ 82). – 2 б.

2021

310. Әлем жұртын сүйсінткен Алаштың ару астанасы... / Н. Қалқа // *Қазақ әдебиеті.* – 2021. – 2 шілде (№ 28). – 4 б.

311. Елдік мәселеге жанымыз бірге күйіп, кем-кетігін түзеп жіберуге атсалысу – парызымыз / Н. Қалқа // *Қазақ әдебиеті.* – 2021. – 11 маусым (№ 24).

312. Сатира сарбазы (сатирик Е. Шайхыұлының шығармашылығы туралы) / Н. Қалқа // *Абай.* – 2021. – № 2. – 73-76 б.

313. Сот шешімі халыққа түсінікті әрі әділ болуы тиіс // *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Бюллетені.* – 2021. – № 8. – 2 – 5 б.

314. Түркілік дәстүрді жаңғыртқан ғалым / Н. Қалқа // *Türkistan.* – 2021. – 25 қараша (№ 47). – 5 б.

315. «Іздедім бабам айтқан сол бір сөзді»: ақын Н. Қуантайұлының поэзиясы туралы ой-толғам / Н. Қалқа // *Ана тілі.* – 2021. – 14 – 20 қаңтар (№ 2). – 5 б.

316. «Іздедім бабам айтқан сол бір сөзді...» / Н. Қалқа // *Баспа ісі және әдеби үдеріс: жазушы – редактор – оқырман: жазушы, ақын, журналист, ғалым Нұржан Қуантайұлының 50 жасқа толуына арналған халықаралық ғыл.-тәжірибелік конф. жинағы.* – Алматы, 2021. – 17 – 20 б.

2022

317. Адал еңбек ер атандырады (Социалистік Еңбек Ері М. Аябаева туралы) / Н. Қалқа // *Egemen Qazaqstan.* – 2022. – 7 сәуір (№ 65). – 15 б.

318. Арқарлының ардақтысы / Н. Қалқа // Jetisy. – 2022. – 29 қаңтар (№ 13). – 6 б.
319. Жаңа дәуірдің бетбұрысты кезеңіне қадам бастық / Н. Қалқа // Қазақ әдебиеті. – 2022. – 14 қаңтар (№1). – 7 б.
320. Жыр жампозы / Н. Қалқа // Абай. – 2022. – № 1. – 63-66 б.
321. Ұлт зиялыларының ұстаханасы / Н. Қалқа // Жас Алаш. – 2022. – 17 наурыз (№19 – 20). – 10 б.



*Ғ. Қалқаның өмірі мен
шығармашылығы*

Кітаптары

2000

322. Толқымбекұлы Р. Жалайыр : он екі ата шежіре. – Алматы : Дәуір, 2000. – 312 с.

2021

323. Қазақтың үні – «Жас Алаш» / кітапты құрастырушы – редактор А. Сахариева. – Алматы : «Тоғанай Т» баспасы. 2021. – 592 б.

2003

324. Жазушылар әлемі : фотоальбом / құраст.: Жаппасұлы Е., Садыр Б. – Алматы : Интерпринт, 2003. – 182 б.

2004

325. Жетісу : энциклопедия. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2004. – 712 б.
326. Журналистер ұшқан ұя. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 222 б.
327. Қазақстан жазушылары : XX ғасыр: анықтамалық; [құраст.: Е. Дүйсенбайұлы [ж. б.] ; ҚР Ақпарат министрлігі]. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 389 б.

2005

328. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 576 б.

2007

329. Жолдыбай К. Қазақстан – 2030 : болашақтың бағдаршамы. – Астана : Елорда, 2007. – 126-129 б.

2008

330. Астана : энциклопедия. – Алматы: «Атамұра», 2008. – 575 б.
331. Балалар бағының бағбандары: (анықтамалық) / құраст. Ш. Күмісбайұлы. – Астана : Балалар әдебиеті, 2008. – 300 б.

2009

332. Жылдар жылнамасы : (Райымбек ауданына 80 жыл) / құраст. Құсайынов К. – Алматы : Асыл кітап, 2009. – 336 б.
333. Қазақстан жазушылары : анықтамалық [құраст.: С. Қамшыгер, Қ. Жұмашева] – Алматы : Ан Арыс, 2009 . – 479 б.

2011

334. Мұса Д. Алғашқы астаналықтар / Первопроходцы Астаны : энциклопедиялық анықтамалық / Д. Мұса, С. Түгел; [жауап. ред. А. Мүрсәлімов; фотосурет.: И. Бургандинов, В. Крась]. – Астана: Фолиант, 2011. – 305, [14] б.

2014

335. Нұрлан Қалқа / Ұлт сазгерлері ұшқан ұя : әл-Фараби атын. ҚазҰУ мен журн. фак. 80 жылдық мерейтойына арналады / құраст. С. Медеубекұлы; безендірген Қ. Мұбарак; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. – Алматы, 2014. – 150 б.

2015

336. Бәсіре. 2-кітап. Жасөспірімдерге арналған сөзтаным кітабы / құраст. Б. Қошым-Ноғай. – Алматы: «Эксклюзив КА», 2015. – 542 б.

2016

337. Қаламгер қолтаңбасы (ҚР Ұлттық академиялық кітапханасындағы қаламгерлердің қолтаңбалар коллекциясы) / құраст.: Б.Б. Сегізбаев. – Астана, 2016.

Мақалалар

1991

338. Әбішев Б. Қапезбен Қатипаның айтысы («Тұңғыштың бірі» атты мақалаға орай) // Жетісу. – 1991. – 10 қазан.
339. Медеубекұлы С. Қайдасыңдар, Қапездің шәкірттері (журналист Н. Қалқаевтың «Тұңғыштың бірі» атты мақаласына (10 тамыз, 1991) // Жетісу. – 1991. – 10 қазан.

2006

340. Балалардың басынан кім сипайды? : балалар әдебиеті // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 28 сәуір. – 9 б.
341. Кітапханадағы кездесу // Айтшы, әжетай. – 2019. – мамыр-маусым (№3). – 7 б.

2008

342. Тұлға: Қожакеев деген екен...// Қазақ әдебиеті. – 2008. – 27 маусым – 3 шілде (26). – 6-7 б.

2009

343. Әкімханов М. Ізденістің ізі бар // Президент және Халық. – 2009. – 9 қазан (№38-39). – 12 б.

2012

344. Әке, сені сағындым : әңгіме // Қазақстан мұғалімі. – 2012. – 30 тамыз (№ 18/19). – 10 б.

345. Негізгі мақсатымыз – қоғамдық бақылау институттарын дамыту: Астана қаласының білім саласындағы бақылау департаментінің директоры Қ. Әбдібековпен сұхбат / Н. Қалқа // Айқын. – 2012. – 4 сәуір. – 6 б.

2013

346. Оспанұлы Ж. Мизам шуақ // Жетісу. – 2003. – 21 желтоқсан (№141). – 9 б.

347. Шайхы М. «Мизам шуақ» жылуы // Айқын. – 2013. – 26 желтоқсан (№ 237). – 9 б.

2014

348. Әкімханов М. Мизам шуақ // Ана тілі. – 2014. – 6-12 ақпан (№ 5). – 10 б.

349. Рубцов Н. Өптім сені!... / орыс тілінен аударған Н. Қалқа // Әлем әдебиеті. – 2014. – № 2. – 177 б.

350. Тұнтағар Қ. Ізгілік иірімдері // Егемен Қазақстан. – 2014. – 11 ақпан (№ 28). – 9 б.

2015

351. «Мұқағали» журналына – 10 жыл / Ана тілі. – 2015. – 19-25 қараша (№46). – 3 б.

2016

352. Ақын Нұрлан Қалқаның жаңа кітабы жарық көрді // ҚазАқпарат. – 2016. –5 мамыр.

353. Ахмет Б. Әке, сені сағындым» // Алматы ақшамы. – 2016. – 14 маусым (№70).

354. Әке, сені сағындым // Ана тілі. – 2016. – 8-13 шілде (№ 27). – 6 б.

355. Мүшәйра. Азаттық аясында //Ана тілі. – 2016. – 15 маусым.

356. Нұрланқызы Г. Әке, сені сағындым» // Қазақ әдебиеті. – 2016. –20-26 мамыр (№ 21).

357. Садыр Б. Күлкі керуені №23 // Егемен Қазақстан. – 2016. –16 ақпан.

358. Сұлтанғазы А. Талантын танытқан ақын // Жетісу. – 2016. – 22 қазан (117). – 4 б.

359. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 2-8 қыркүйек (№ 33).

360. Шолақ Қ. Көркемдіктің көкейкесті көкжиегі / Қ. Шолақ, С. Елубаев [т. б.] // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 11-17 қараша. – 6-7 б.

2017

361. Ақын Нұрлан Қалқа «жасұландықтармен» кездесті (Армия генералы С. Қ. Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебінде өткен кездесу туралы // ҚазАқпарат. – 2017. – 28 сәуір.

362. Ақын Нұрлан Қалқа «Райымбек ауданының Құрметті азаматы» атанды // ҚазАқпарат. – 2017. – 28 қыркүйек.
363. Ақынын ардақтаған ауыл // Қазақ үні (сайты). – 2017. – 28 қыркүйек ; // Жетісу. – 2017. – 30 қыркүйек.
364. Аспантау ақынын ардақтады // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 29 қыркүйек – 5 қазан (№ 40). – 2 б.
365. Бораш Қ. Тұнық ағыс // Түркістан. – 2017. – 13 шілде (№ 28). – 11 б.
366. Қаба Ә. Қаламы қарымды Қалқа // Жетісу. – 2017. – 15 шілде (№78). – 7 б.
367. Қажы С. Абай және ақын (ақын Нұрлан Қалқаға) // Президент және халық. – 2017. – 22 қыркүйек (38).
368. Қажы С. Абай және ақын (ақын Нұрлан Қалқаға) // Қазақ үні. – 2017. – 22 қыркүйек (№ 38).
369. Қуантайұлы Н. Балаға арнап санамақ жазу оңай емес // Айқын. – 2017. – 26 тамыз (№ 128). – 23 б.
370. Мұқашев С. Қалыбы мықты қалқа // Айқын. – 2017. – 12 шілде (№ 103). – 6 б.
371. Мүсіреп Ф. «Қарқарадан» қанаттанған қаламгер // Қазақ үні. – 2017. – 22 қыркүйек (№ 38). – 8 – 9 б.
372. Советұлы Б. Мизам шуақ // Алматы ақшамы. – 2017. – 18 шілде (№ 83). – 10 – 11 б.
373. Тастанқұлов Н. Жерлес ақынға арналды // Хантәңірі. – 2017. – 20 мамыр (№20 – 21). – 4 б.
374. Тастанқұлов Н. Өшпес әсер қалдырды // Жетісу. – 2017. – 10 маусым (№64). – 3 б.
375. Тоқашбаев М. Туған жерге сағыныш // Предидент және халық. – 2017. – 22 қыркүйек (38).
376. Үсенбаев Б. Алғаусыз көңіл, аңқылдақ пейіл жырлары // Егемен Қазақстан. – 2017. – 10 қараша (№ 217).

2018

377. Асанов Ж. Бітімгершілік – биік адамгершілік іс: [Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Төрағасы Жақып Асановпен әңгіме] / Ж. Асанов; әңгімелескен: Н. Қалқа // Egeмен Qazaqstan. – 2018. – 14 қараша (№ 218).
378. Қалжанов А. Толысқан талант / Астана ақшамы. – 2018. – 18 қыркүйек (№ 109). – 5 б.
379. Серікқызы Э. Мемориалдық кешен ашылды // Егемен Қазақстан. – 2018. – 5 қыркүйек (№ 167). – 11 б.

2019

380. Есенжол А. Кітапхана шеруі // Astana Aqshamy. – 2019. – 9 қараша (№ 132). – 12

2020

381. Бодаубай Б. Әке, сені сағындым // Қазақ әдебиеті. – 2020. – 20 қараша (№ 46). – 29 б.
382. Бодаубай Б. Әке сені сағындым (Н. Қалқаның әңгімелер, новеллалар, эсселер жинағы хақында) // Жұлдыз. – 2020. – № 2. – 191-195 б.
383. Домалақова К. Абай – би, Абай – заңгер // Заң газеті. – 2020. – 28 ақпан (№16). – 2 б.

2022

384. Серікқызы Э. Қожакеұлының әдеби мұрасы // Егемен Қазақстан. – 2022. – 28 наурыз (№ 57). – 11 б.

Қазақ радиосы

2021

385. Қазақстандық аналарды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтау / ақын Н. Қалқаның құттықтау лебізі // Қазақ радиосы. - 2021.



«Шалқар» ұлттық радиосы

2022

386. Жүніс Р. «Темірқазық» поэзия сағаты / ақын Н. Қалқаның шығармашылығына арналған арнайы хабар // «Шалқар» ұлттық радиосы. – 2022. – 17, 18 ақпан, сағат 23:00 – 24:00

Н. Қалқа туралы

ҚАДЫР АҚЫННЫҢ ҚОЛТАҢБАСЫ

«Нұрлан, еңбек ете білсең, сенен әдепті әдебиетші шығары хақ!»

*Қадыр Мырза Әли,
20 желтоқсан, 1992.*

1992 жылы Алматы облысы, Кеген ауданы, Ұзынбұлақ ауылындағы Ы. Көшкінов атындағы орта мектепте көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қадыр Мырзамен кездесу өтеді. Оқушы Н. Қалқаев ақын творчествосы туралы баяндама жасайды. Кездесу соңында Нұрлан ұсынған «Қызыл кітап» жинағына Қадыр ақынның жазған қолтаңбасы.

Ақжолтай ақпарат

«АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫ БЕРІЛДІ

Қазақстан Жазушылар одағында бір топ қаламгерге халықаралық «Алаш» сыйлығы тапсырылды. Оларды жоғары марапатқа ие болуларымен Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай құттықтады.

Оқырманның есіне сала кетейік, биыл халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы «Алапа» өлеңдер жинағы үшін Қорғанбек Аманжоловқа; «Ай-тамғы» өлеңдер жинағы үшін Жанат Әскербекқызына; «Междуручье» аударма кітабы үшін Қайрат Бақбергеновке; «Сен және мен» өлеңдер жинағы үшін Арман Қаниға; «Мизам шуақ» өлеңдер жинағы үшін

Нұрлан Қалқаға; «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» романы үшін Молдахмет Қаназға; «Қағбаның қарлығаштары» өлеңдер жинағы үшін Өтеген Оралбаевқа; «Сағым қуғандар», «Әйел махаббаты» пьесалары үшін Жұмагүл Солтиеваға; «Әдебиетті насихаттаудағы еңбектері үшін» Әдібай Табылдиевке, Рахым Балабиевке, Сұлтан Оразалиновке, Қуанышбай Құрманғалиға берілді.

«Ана тілі» газеті, 8-қыркүйек, 2016 (№ 36).

Журналист пайымы

ІЗГІЛІК ИІРІМДЕРІ

Н. Қалқа. «Мизам шуақ». «Жазушы» баспасы, 2013 ж.

Нұрлан Қалқаның поэзия тұлпары шашасына шаң жұқпайтын шабысты. Ол сөз өрнегімен ой тұңғиығына терең сүңгіп кеткен оқырманына сәулелі жол ашады. Құлазыған көңілге отты өлеңдерімен сергектік сыйлайды. Ақынның жаңа жыр жинағы қазақ поэзиясына жылы шуақ шаша келді. Кітаптың басты құндылығы – жыр жолдарындағы адамгершілік пен махаббат, тағылым мен тәлім, мейірім мен ізгілік іздері.

Қуаныш Мунғатар, «Тегмен Қазақстан».

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫ БЕРІЛДІ

Үстіміздегі жылдың тамыз айының 25-і күні Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты болды.

Секретариаттың шешімімен: Қорғанбек Аманжоловқа «Алапа» өлеңдер жинағы үшін; Жанат Әскербекқызы «Ай-тамғы» өлеңдер жинағы үшін; Қайрат Бақбергеновке «Междуречье» аударма кітабы үшін; Арман Қаниға «Сен және мен» өлеңдер жинағы үшін; Нұрлан Қалқаға «Мизам шуақ» өлеңдер жинағы үшін; Молдахмет Қаназға «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» романы үшін; Өтеген Оралбаевқа «Қағбаның қарлығаштары» өлеңдер жинағы үшін; Жұмагүл Солтиеваға «Сағым қуғандар», «Әйел махаббаты» пьесалары үшін; Әдібай Табылдиевке, Рахым Балабиевке, Сұлтан Оразалиновке, Қуанышбай Құрманғалиға «Әдебиетті насихаттаудағы еңбектері үшін» Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді.

Қазақстан жазушылар одағы, 2 қыркүйек 2016 жыл

Қолжазбаға алғысөз

СӘТ САПАР, НҰРЛАН!

Нұрланның тырнақалды өлеңдерімен алғаш рет сонау 1983-84 жылдары “Қазақстан пионері” газетіне жолдаған хаттары арқылы таныстым. Мен сол редакцияның әдебиет бөлімінде қызметте едім. Жас талапкер көп ұзамай редакцияға өзі де келіп, жаңа туындыларын ұсынып жүрді. Жақсы, тәуір дүниелері жарияланды. Кейбіріне сын-ескертулер де айтылды.

Бір байқағаным – Нұрлан інім еңбекқор екен. Ол және барынша бала тілімен жазуға, шеберленуге талпынды...

Нұрлан кішкентайларға-сәбилерге арнап жазудың аса қиын, екінің бірінің маңдайына жазылмаған өнер екенін ұғынған жігіт. Сондықтан болуы керек, арнайы кітап

шығаруға асыққан жоқ. Меніңше, оның тұңғыш кітабы осы болар.

Бұл кітапты қолға алған оқырман әдебиетімізге жаңа бір балалар ақыны келе жатыр деген ой түйсе – қателеспегені. Бұл ауыр жүкті көтеруге тәуекел еткен Нұрлан “Әйбәт бала” атты осы кітабын жұртшылыққа ұсынып отыр.

Кітапты бастан-аяқталдау шарт емесқой. Мұнда жас қаламгердің алғашқы аяқ алысы, қалам сілтесі бірден-ақ сезілді.

Оған бір мысал:

“Қой” деген өлеңнің соңғы түйінінде автор:

Асыл мұра баяғы,

Шопан Ата таяғы.

Аман болса қазағым,

Айғақ ойын жаяды! – деп айта білу – үлкен олжа.

Негізгі төрелігін қалың оқырман айтар. Тұтас алып қарағанда, Нұрлан Қалқаның “Әйбәт бала”*атты кітабы – әйбәт кітап болып балалардың қолында жүрсін! Әр баланың досы болсын!

Сәт сапар, Нұрлан!

**Бұл кітап атауы өзгертіліп, 2005 жылы «Жыл – он екі ай» деген атпен, шағын көлемде жарық көрді. Бірақ, құрылымы да, атауы да өзгеріп кеткендіктен, бұл алғысөзді беруді автор жөн санамаған. Алдағы уақытта осы алғысөзбен, осы атаумен қайта шығару жоспарында бар.*

*Бейсөбай Кірісбаев, ақын,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. 30. 01. 2002
жыл.*

МӨЛДІР БҰЛАҚ

Менің жерұйығым

18.04.2011

Менің ата-бабамның туған жері Райымбек ауданы, Саты ауылы. Албан, Қызылбөрік, Әжібай, Алтай рулары қоныс тепкен қасиетті мекен. Атақты «Көлсай» көлі талайды сұлулығымен тамсандырған. Жерлесіміз – ақын Ерұлан Бағаевтың туған жері Сатыға, сұлу Көлсай көліне бірнеше өлеңдерін арнаған.

«Астана – Бәйтерек» лауреаты, Қазақстан Республикасы Премьер Министірінің баспасөз қызметінде жұмыс істейтін жерлес ағамыз Нұрлан Қалқа:

– Барып қайттық сіз жырлаған Сатыға,

Ғажап екен, табиғаты, аты да.

Біліп қайттық сол сапарда, жан аға,

Қадіріңнің барын туған халқыңа, – деп жырына қосқан.

Атамекен, туған жерім – Саты ауылының дүние жүзіне әйгілі керемет мекен екенін мен мақтаныш тұтамын. Ер жеткенде мен де туған жеріме өз еңбегімді арнаймын.

*Мерей Бұрабай, Алматы облысы,
Шалғар ауданы, Бөлбұлақ ауылы.*

Жазушы хаты

ҚҰРМЕТТІ НҰРЛАН МЫРЗА!

Жазғандарың оқылды. Аздап-аздап өзгеріске ұшырады. Бұл әманда солай болады. «Илан» – өте жақсы ертегі. Авторлық концепсия, идея, таным, тәрбие жағы бар. Бір сөзбен айтқанда, төрт құбыласы түгел. Қазақ ертегілерінің антологиясына қымсынбай ұсынуға болады.

«Лақ пен қасқыр» жақсы дүниелер қатарына жатады. Дәстүрлі қазақи машықта жазылған. Қандай қиын күн туса да, ажалды мезет орнаса да одан құтылу және құтылудың жолын табу әрбір саналы жастың міндеті болмақ...

*Әнеш Ахметұлы,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
жазушы, 28. 04. 2016 ж.*

22. 12. 2008 / 18:11

АҚЫННЫҢ ЖАҢА ЖЫР ЖИНАҒЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

АСТАНА. Желтоқсанның 22-сі. ҚазАқпарат. – Жақында «Жазушы» баспасынан ақын Нұрлан Қалқаның «Отыз бесінші шілде» атты жаңа жыр жинағы жарық көрді, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.

Ақынның бұл кітабына әр жылдары республикалық мерзімді баспасөзде жарияланып, жұртшылық жылы қабылдаған сезімге, терең ойға, өзіндік образға құрылған өлеңдері мен балладалары енген.

«Сен дәуірле, Отаным», «Өткен күнде көп белгі», «Арайлап атқан көктемім» және «Шайқалмасын шаңырақ» атты

бөлімдерден тұратын аталған кітабында қаламгер орыстың белгілі ақындары Николай Рубцов пен Анна Ахматованы ана тілімізде өзіндік тәсіл, көркем тілмен сөйлетуге ұмтылған.

Жаңа кітап

«МИЗАМ ШУАҚ» ЖЫРЛАРЫ

Жуырда «Жаңа заман әдебиеті. Поэзия» сериясы бойынша «Жазушы» баспасынан қазақ өлеңінде өзіндік қолтаңбасы бар, сыршыл қалам иесі, белгілі ақын Нұрлан Қалқаның «Мизам шуақ» атты өлеңдер жинағы жарық көрді.

Адам мен табиғат үйлесімі, ауылға деген сағыныш, махаббат сырлары – ақын қаламынан туған өлеңдердің өзегі іспеттес.

Автордың ізгілікке үндеген жыр жолдарында:

Өмір деген – ұлы көш, таласпаңдар,

Адаспайды көңілі жарасқандар.

Бақытым деп санаңдар бір-біріңді,

Бақытына біреудің таласпаңдар, – деп келетін қарапайым өмір қағидалары түсінікті тілмен жеткізілген.

Жалпы, ақын бұл кітабында өз қарым-қабілетін әр қырынан көрсетеді. Жинақта тәуелсіз елдің бүгінін арқау еткен азаматтық поэзиядан бастап нәзік лирикаға кеңінен орын берілген. Бұған қоса кішкентай оқырмандарға арналған шағын шумақтарда Нұрлан ақынның балалар әдебиетінде өз үлесі бар екендігін аңғартады.

*Алматы Уәзгіл,
«Алаш айнасы», № 194 (1105), 6.11.2013 жыл.*

МИЗАМ ШУАҚ

Ақындық өнерді өмірлік мұраты санаған адам қашанда туған жерін, оның көз тартар көркем бейнесін өлеңмен өрнектеуге талпыныс жасайтыны жасырын емес. Нұрлан да бұл бағыттан айнып кетпепті. Ақын «Ұзынбұлақ» дейтін өлеңінде:

Қой қарақат, өрікке дарқан жерім

Жаз келсе жайнап кетер шалқар белің.

Етегіңде Торайғыр жусап жатыр,

Анам түйген келіден талқан жедім, – дей отырып, балғын балалығы өткен өңірді өзгеше жақсы көретінін, аяулы анасының қолынан жеген талқанның дәмі әлі таңдайынан кетпей жүргенін кестелі тілмен келістіре жырлапты.

Ақынның туған өңіріне деген перзенттік парызын шапшағын өлеңімен жеткізгені шеберлік нышаны. Ақынның алыстағы ауылда тұратын асыл анасына деген сағынышы да көңіл аудартпай қоймайды. Оқып көрелік:

Анам ауырды дегенде,

Күй кештім шерменде.

Сол жаққа ұшпаққа,

Құс болдым мен демде, – дейді.

Анаға деген асыл сезім осылай жырланып жатса, жарасымды емес пе?

Жасырып, жабары жоқ, қазір шөпті де, шөңгені де өлеңге айналдырам деп айтар ойын ақжем жасап алған ақындар аз емес. Нұрланның мұндай арзан атақтан бойын аулақ ұстағаны ұнады.

Миуар Әкімханов, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ана тілі», № 5. 6-12 ақпан, 2014 жыл.

БАЛАҒА АРНАП САНАМАҚ ЖАЗУ ДА ОҢАЙ ЕМЕС

Бүгінгі балалар поэзиясының жай-күйін Нұрлан Қалқаның кітаптарынан-ақ аңғаруға болады. Мәселен, «Балмұздақ» деген өлеңді алайық:

*Үйде мен жалғыз қап
Жеп едім балмұздақ,
Ауырды тамағым,
Ал қолым сәл мұздап.
Сүттей ғой балмұздақ,
Бейне бір қар-мұздақ.
Тағы да жер едім,
Тістерім тұр сыздап...*

Осы екі шумақ қана. Бала ұғымына лайық па – лайық, жатық па – жатық, тәрбиелік мәні бар ма – бар, міне, мектеп жасына дейінгі бала осындай қысқа өлеңді тез жаттап алады. Тіпті бір-ақ шумақтан тұратын, «Асау пойыз» деген мына өлеңге қараңыз:

*Трамвайға мінгенде,
Салдыр-гүлдір жүргенде:
– Асау пойыз екен! – деп
Күлдірді елді Шекербек.*

Ауыз әдебиеті – алғашқы, үлкен, бастауыш мектеп. Аталған кітаптарды оқи отырып, Нұрлан Қалқаның осы ауыз әдебиетінің қайнарынан қанып ішкен, баяғы қазақ жырының табиғатын, ырғағын, әуезін тани алатын қаламгер екенін аңғардық.

Мысалға төмендегі шумақтарды алайық:

*Қаз, қаз, балам, қаз, балам,
Қадамыңды жаз, балам,*

*Қарыс сүйем аттасаң,
Қошеметтеп мәз болам.*

немесе:

*Шөре, шөре, дәу теке,
Бау-бақшаға жау теке,
Білмеген жұрт шатасып
Деп қалмасын таутеке!*

Нұрланның осындай өлеңдері бірқыдыру. Ақын балаға «жаман әдеттен жирен, жақсы әдетке үйрен» деп ақыл айтпайды, балалардың кейбір нашар қылықтарын кестелі өлеңдерінде жылы юмормен ғана сипап өтеді. Тілі әуезді болғандықтан өлеңі мен тақпағы жас өреннің са-насына сіңіп, жатталып қалары анық. Оның қазіргі заманға сай жазылған жаңылтпаш, жұмбақ, санамақтары – өз алдына бір төбе. Санамақ демекші, мына бір санамақтың жас баланың есінде қаларына күмән жоқ:

*Бас бармағым – ата-анам,
Үлкендерден бата алған.
Ертең, шіркін, ер жетсем,
Табылар ем қатардан.
Балаң үйрек – бауырым,
Ішіндегі тәуірім.
Қысылғанда қолтықтан
Демеу болар қауымым.
Ортантерек – нағашым,
Сол үйде өскен анашым.
Жиенге деп қырық серкеш
Қоймай сұрапаласың.
Аты жоқ саусақ – достарым,
Дос көңілін қоштарым,
Кесіп берер қоң етін,
Ойламайтын бас қамын.
Кіші бөбек – білімім,
Білімдегі тұнығым,*

*Зымыраған заманды
Қуса, жетер күлігім.*

Мұның бәрі – әрине, ізденістен туған дүниелер. Ізденімпаз, еңбекқор қаламгер алдағы уақытта да балалар поэзиясына сүбелі, сүйекті дүниелер әкеледі деп үміт артамыз.

*Нұржан Қуантайұлы,
«Ақын», тамыз 25, 2017 жыл.*

АЛҒАУСЫЗ КӨҢІЛ, АҢҚЫЛДАҚ ПЕЙІЛ ЖЫРЛАРЫ

(Нұрлан Қалқа поэзиясы туралы бір үзік сыр)

Нұрланның «Аққу-жүрек», «Отыз бесінші шілде», «Мизам шуақ» кітаптарын оқып отырып, мен өзімнің жастық шағымды, орда бұзар отызымды, қамал бұзар қырық жасымды еске алып, артта қалған аяулы кезеңдермен, қыз білегін жастанған жұлдызды түндермен қауышқандай күй кештім. Ондағы махаббат жырлары шынайылығымен баурап алады. Махаббат тұрақтылығын, отбасының жарасымдылығын ту етіп ұстайды. Ақын ініміз өте балажан, балаларына арнаған өлеңдерінде де еміреніп, елжіреп тұрады. Махаббат боп маздаған ақын азаматтық тақырыптарда да еркін құлаш сермейді. Қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді тілге тиек етеді. Сонымен қатар, қиялына қанат бітіріп, тал бойына талант берген, қиялдап келіп, қия алмай аттанатын туған жеріне, ата-анасына арнаған жырларының орны бөлек. Иә, бозбала кезімізде демей-ақ қояйын, жігіттікке аяқ басқан шағымда өзіме-өзім «Осы мен кімін?» деген

сауалды көбірек қоятынмын. Жауабын таппай дал болатын сәттерім де аз емес еді. Неге олай болатынын осы Нұрланның «Мен кімін?» деген өлеңінен оқып отырғандаймын. Бәрі мінезден екен ғой.

Жақсы ісім кейінгіге өнеге,

Жаман ісім тоқпақ болар төбеде.

Қанша жерден мінсіз болғым келгенмен,

Бұл мінезім дегеніме көне ме? – дейді Нұрлан. Рас-ау!

Мінсіз демекші, «ақынның өлеңі өзіне тартады» – деген сөздің жаны бар. Көркем бейнелерді көз емес, көңілмен аңғаруға бейім Нұрланның шығармаларында сабырмен тереңде тұнып ағатын, түбінде барып теңізге құятын арналы өзеннің ағысындай бір тамаша жылы ағысты көремін. Бұл ағыс жылылығымен ғана емес, шынайылығымен де ерекшеленеді. Оған лирик Нұрланның «Райымбек батыр», «Құлтегін» толғаулары, «Асы жайлауында», «Сарай-үйдің тұрғындары», «Әулетбасы» поэмалары, балаларға арналған туындылары мен аудармалары куә. Нұрланның:

Қуанамын біреу жетсе табысқа,

Тілеулеспін түскен болса жарысқа.

Көріп келем пешенеме жазғанын,


Жүгінемін адалдыққа, намысқа, – деген жүрекжарды сөзі мені, өз басымды әбден иландырады.

Нұрлан, сенің адалдығың мен намысқойлығың өз жүрегіңді, өлең – тұлпарыңды өрге жетелей берсін!

* Бұл талдау мақала белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нұрлан Қалқаның 2017 жылғы 23 қыркүйекте Алматы облысының Райымбек аудандық Мәдениет үйінде өткен «Тамырым – туған жерімде» атты шығармашылық кешінде оқылды.

*Болат Сәенбаев, ақын,
ҚР Жазушылар одағының мүшесі,
Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері.*

Н. Қалқаның өлеңдері



О, Алла!
Ізгілігің – аманат,
Өзімен кетсін жаманат.
Отаным тыныш, ел бүтін,
Көңілім барға қанағат.

12. 11. 2000 ж.

Төлбасы

Әбдірахманға

Қолға алып, үңілемін жүзіне,
Күбірлеймін: «тартқан ба?!» деп өзіме»!
...Кімге тартса, оған тартсын түр-түсі,
Аман болсын, көреміз ғой кезінде.

Суықтан да, ыстықтан да қорғаймыз,
Қарайлаймыз, көзімізді алмаймыз.
Не керектің бәрін тосып алдына,
Үмсынамыз, қолдан-қолға жалғаймыз.
...Қызық шақа сәби келіп өмірге,
Кіл қуаныш толды лезде көңілге.
Немеренің өзі болып төлбасы,
Ұйықтап жатыр атасының төрінде.

Сенен күтем

Қанша көріп жүрсең де тапшылықты,
Түбінде сенен күтем жақсылықты.

Ұқсатам қарап тұрып бір өзіңе,
Бүршік атып келе жатқан жас шыбықты.
Түбінде сенен күтем қуанышты,
Сен дегенде бұл ағаң құрақ ұшты.
Ұқсатам мен өзіңе шың басында,
Қиырғак өзін салған қыран құсты.

Сен үшін

Ой мазалап қабағым құрыстанды,
Тірлік қалды жайына, жұмыс қалды.
Достар шарап алғанда, сыра құйған,
Мен көтердім сен үшін хрустальды.

Күлімдейді нұр-бейнең көз алдымда,
Тост көтердім сен үшін сөз алдым да.
Суретіңді сүйдім де жайлапқана:
–Кешір, –дедім, –сының ат өзе алдым ба?

Күліпалды жолдастар: қыз жанды деп,
Тізімінен бойдақтың сызған-ды кеп.
Суретіңді салдым да төс қалтама,
Кете бардым: –пәлелер қызғанды,–деп.

Ат үркіп...

Ат үркіп, ала қашты асып тауды,
(Хайуан да жақтырмайды жасықтарды).

Сексенде аттан құлап, абайсызда,
Қайран әкем әп-сәтте сасып қалды.

Сексенде жүрген жанға шалғы тартып,
Құрығын салғаны ма, әлде «қарттық»?!
...Атты емес, өзін сөгіп әкем жатыр:
«Қойдым ба,– деп, – тартпаны қатты тартып?!».

Анам ауырғанда

Анам ауырды дегенде,
Үшқым келді Кегенге.
Дәрменсіз мен күй кештім,
Қызмет қойды көгендеп.

Анам ауырды дегенде,
Күйге түстім шерменде.
Іштен тынып, қайғырып,
Құса болдым мен демде.

Анам ауырды дегенде,
Дұға қылдым мен демде.
Жалбарындым Аллаға:
«Жаза гөр, – деп, – тез емдеп!»...

Армысың, Алатау

Армысың Алатау, асыл арым,
Сенде қалды ақ арман, жастық шағым.

Самайыма ақ қырау қонақтапты,
Жауқазындай бір кезде ашылғамын.

Армысың Алатау, арман-дәйім,
Жүрегімде бүршігін жайған қайың.
...Тіршіліктің қамытын сілкіп тастап,
Аунап-қаунап қайтуды армандаймын.

*«Ана тілі» газеті, №31, 3 - 9 шілде 2017
жыл*

ҚУЛЫҚ ТАУЫМ
Құлық тауым!
Бөктеріңде мен өстім,
Қарағайлар досым болып, кеңестім.
Суың – балдай,
ауаң – тымық,
шөп – шүйгін,
Ер жеткен соң «тез ұмыттым» демеспін.

Құлық тауым!
Сай-салаң мен белесің,
Сағынғанда көз алдыма келесің.
Ұзынбұлақ барсаң,
Қыржол қол бұлғар,
Астанада түсіме жиі енесің!

*«Ана тілі» газеті, №31, 3 - 9 шілде 2017
жыл*

Ақындарға

Шындық жайды айтуыма хақым бар,
Өлеңменен емделетін халқым бар.
Бізбен күліп, бізбен жылап, мұң бөліс,
Жанымызға үңіліңдер, ақындар!

Жырлар керек жасындайын жарқылдар,
Керекемесұрансөздер, ақылдар.
Қуаныш пен қайғымызға ортақтас,
Жүректерді жылытыңдар, ақындар!

«Ана тілі» газеті, №31, 3 - 9 шілде 2017
жылы

Өлең иштәктері

Досым-өлең, жанымның жалауысың,
Шарқ ұрған көңілімнің қалауысың.
Шырқырап, жалғыздықтан шапа шексем,
Жылытатын жүректі алауымсың.

Айналамнан тек жақсылық іздедім,
Жақсы жаннан достығымды үзбедім.
Арттан ерген ұл-қыздарым, немерем,
Жақсы ісім – мәңгі өшпес іздерім.

Имандылық – бақытым мен байлығым,
Жан сырымды оқырманым, ағыттым.
Дәулет емес, кітап қалар артымда,
Сол ғой менің ырысым да, бақ-құтым.

Нәурізек құс, келсең ұшып, мәз болам,
Жаным жылып, салар едім аздап ән.
Көңілімнің бәйшешегі бүр жарып,
Жіпсір ме еді, мұзы кетіп аздаған.
Нәурізек құс, ұшып келші, мәз болам!

Жалғандыққа жаны қас, ақынмын ба,
Әлде жүрген тоңмінез пақырмын ба?!
...Нәсерлетіп өттім ғой сәл күйзелсем,
Шарап емес, шабытты шақырдым да!

Мейлі, мейлі, басыңа бақ орнасын,
Мансап болсын, байлық болсын – ол да сын!
...Пенделікпен адассақ та қаншама,
Жүректегі иман гүлі солмасын.

Мейіріңді төккеніңде анашым,
Сергіп қалам, тауып көңіл жарасым.
Қайта тұрам, дамылдап ап саяңда,
Ақ самайлы, сен аман жүр, дара шың.

Бозқараған гүлдепті!
Бозқараған!
Сонау жерден жалт етіп көз қарыған.
...Бозғылт түске шашымыз боялғанмен,
Аумай қаптық баяғы бозбаладан.

2020 жыл.

Сілкініс керек санаға,
Қазаққа ол да тән, аға!
...Жаңару керек ел үшін,
Дамудың кілті – жаңада!

2018 жылғы 30 наурыз

Күз келді,
Жапырақ та сарғайып,
Қалтырайды өз-Табиғат әр тайып.
...Жылуыңмен жылытыңдар, жандарым,
Жүректерді тек үсітіп алмайық.

Жанымның жыры,
Көзімнің нұры,
бақытым.
Байлығым, барым,
Аяулы жарым,
жақұтым.

Астана, 2015 жылғы 17 қаңтар

Бар байлығым – елім, жерім, Отаным,
Әркез сонан қуат алдым, от алдым.
...Жат жерінде шалқып өмір сүргеннен,
Қадірі артық ауылдағы соқаның.

Бақыт деген – туған жерде жүргенің,
Бақыт деген – қуанғаның, күлгенің.
Бақыт деген – жоқ іздеген әр күнің,
Бақыт деген – тәуба деп өмір сүргенің.

Құрмаш!
Құрмаш!
Сенің елге келгенің –
Бір Аллаға, сосын жұртқа сенгенің.
Ер жасына толдың атажұртыңда,
Қандай жақсы елде өсіп, өнгенің!

Астана, 2018 жылғы 10 наурыз

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын деп,
Тілек тілеп, дұға етейік досым көп.
Тәуелсіздік туы биік желбіреп,
Бақыт құсы әрбір үйге қонсын деп.

2019 жылғы 27 желтоқсан, жұма

Пейілі кең, дархан көңіл халқым бар,
Қадірлеңдер, соған сенім артыңдар.
Өзге ұлтты өз досындай сыйлайтын,
Әр қазақты ұлы деуге қақым бар!

Тыныштықтың ту ұстары – қазағым,
Тарқамасын байлық тұнған базарың.
Шаңырағың шайқалмасын ешқашан,
Ортаймасын құрт қайнатқан қазаның!

2020 Жылғы 14 ақпан, Жұма

Өмір-бәйге, шаң қауып сен қалмағай,
Жамандыққа, жауыздыққа бармағай.
Тағдырыңнан қанша таяқ жесең де,
Жақсылыққа толы деп біл бар маңай.
Өмір-бәйге, қатарыңнан қалмағай.

Байлық емес, ұрпақ қалса артымда,
Парқым болар бұл жалғанда халқыма.
...Сәбиімнің көнетоздау жөргегін,
Айырбастамас едім тіпті алтынға!

Шуағыңмен жылытатын
Күнбісің,
Құпияңмен елітетін
Түнбісің?!
Балдай тәтті қылығыңмен баурап ап,
Маған бақыт сыйлағалы жүрмісің?!

Жақсы құдаң артық кейбір туыстан,
Аман жүрсін ұрпағымыз Ту ұстар!
Қос құлынның қуанышын қызықтап,
Шашу шашып жүрелік біз уыстап!

2020 жылғы 11 қыркүйек

Туған жерден не бар екен киелі,
Солай қарай бұрып тұрар жүрегім.
Тау мен тасы, сылдыр қаққан бұлағы,
Саф ауасы жан сергітіп, түледім.

Таңғажайып өңірде, тауда тудым,
Таңғы шыққа анашым бетім жуды.
Төр жайлауда кіндігім қалған мәңгі,
Ағыл-тегіл жыр жазар өнер құдым.

Тамырым – туған жерімде,
Жайқалған жасыл бағым нақ.
Бақ-дәулет тұнған елімде,
Түбінде қонар тағым хақ!

Ойхой, шіркін, туған жерім, өскен жерім,
Кіндігімді қойнауыңда кескен едім.
Шыр айналып бар әлемді шықсам-дағы,
«Табаным тисе саған!» дескен ермін!

26 қазан 2017 жыл

Ұзынбұлақ, бақ-қонысым, киелім,
Құлық таудың бір ұлымын біл, елім!
...Астанада асыр салып жүргенмен,
Тамырыммен жалғасқанмын, білемін.

О, Кегенім – қасиетті мекенім,
Қайқы асып, аман жүрсем, жетемін.
...Әр тауыңнан тарих ізін көремін,
Шежіреңді жырмен жазып кетемін.

2020 жыл.

Сағынышпен күтем жылда көктемді,
Көрсем деймін біз аунаған көк белді.
Немереме бір көрсету арманым,
Баяғы өзім қой жаятын бөктерді.

*Наурыз-Сұлтанын, 2020 жылғы 5
наурыз*

Шілде айы,
Асыда туылыппын,
Тұрғанда таң нұрына жуынып Күн.
Киіз үйде кіндігім кесіліпті,
Табиғат шуағына жылыныппын.

Көтерілген жар салып ебелек дүр,
«Сүйіншілеп» кезіпті көбелек қыр.
Өлеңдетіп ат қойған ақын ата,
Содан бері жүрмені жетелеп жыр.

Сылдырап аққан бұлағы,
Желкілдеп өскен құрағы,
Асы деген жайлау бар,
Көңілім соған бұрады.

Табаның тисе Асыға,
Жорырсың оны жақсыға.
Көзіңе ыстық көрінер,
Қыналы қара тасы да.

О, Оқжетпес!
Бабалардың сөзісің,
Кешегі өткен Абылайдың көзісің!
Хан Кененің сайрап жатыр іздері,
Мәңгі өшпес әз-тарихтың өзісің.
Батырлықтың куәсі деп білеміз,
Жырға қосып, аңыз қылып жүреміз.
Қадірлейтін халқым барда тарихын,
Баурайыңнан табыламыз, біргеміз!

Буғабай, 2019 жылғы 8 желтоқсан

Ата Заңым – бостандықтың кепілі,
Қорған болар заңсыздықтан не түрлі.
Еркіндік пен Азаттықтың символы,
Әділдіктің нағыз заңдық тетігі.

2020 жылғы 25 қаңтар

Тыныштықтың қорғанымыз елдегі,
Иесіміз ен байлықтың жердегі.
Отан десе отқа түсер ерлерміз,
Бір киеміз – Көк Туымыз төрдегі!

2020 жылғы 14 ақпан

Тәуелсіздік – мәңгі мұра, бұйырған,
Жырлап кетсем көкейден жыр құйылған.
Азат елім – айбыны асқақ Отаным,
Сен дәуірле, деп тәңірге сыйынғам!

Талай-талай сай-сала, тауыңды астым,
Сар даламды мұншалық сағынбаспын.
Жер жәннаты – Жетісу – алтын бесік,
Пейішіздеп сен барда сабылмаспын.

Аңсағанда биік тау, тұз-даланы,
Қырандардың жүрегі сыздар әлі...
«Тау, дала» –деп ән салған сағыныштан,
Туған жердің мен де бір мұзбалағы.

Интернет-ресурстар

387. Өке, сені сағындым: әңгімелер, новеллалар, эсселер / Н. Қалқа. – Алматы: [Керемет-Медиа]. – 2016. – 165, [2] б.
<http://kazneb.kz/bookView/view/?brld=1519319&simple=true&lang=kk#>
388. Жыл – он екі ай / Н. Қалқа. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2005. – 56 б.
<http://kazneb.kz/bookView/view/?brld=1109585&simple=true&lang=kk#>
389. Мизам шуақ: [өлеңдер, балладалар] / Н. Қалқа. – Алматы: Жазушы, 2013. – 190 б.
<http://kazneb.kz/bookView/view/?brld=1151043&simple=true&lang=kk#>
390. Н. Қалқа. Астана туралы
<https://www.youtube.com/watch?v=orEh4JlXNBk>
391. Н. Қалқа. «Сілкініс керек санаға...»
<https://www.youtube.com/watch?v=fXbSUSyTD2c>
392. Отыз бесінші шілде: өлеңдер мен балладалар / Н. Қалқа. – Алматы: Жазушы, 2008. – 104 б.
<http://kazneb.kz/bookView/view/?brld=1109583&simple=true&lang=kk>
393. Ұлттық журналистиканың саңлағы / Н. Қалқа. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 112 б.
<http://kazneb.kz/bookView/view/?brld=1109584&simple=true&lang=kk#>

Есімдер көрсеткіші

Ақботаев Б. – 7
Асанов Ж. - 377
Ахмет Б. - 353
Ахметұлы Д. - 34
Аяған Б. – 21
Әбішев Б. - 338
Әйтенова С. - 262
Әкімханов М. – 343, 348
Әлібеков Ә. С. – 14, 16
Әлімқұлов Қ. – 14
Әлімқұлов Т. - 42
Әуезов М. - 190
Әшімханов Д. – 26
Бекзалбекқызы С. - 19
Бектаев Ә. - 29
Белғара А. - 23
Белғара Б. - 23
Бесірова А. С. - 40
Бодаубай Б. – 381, 382
Бораш Қ. - 365
Ботбай Қ. - 13
Бургандинов И. - 336
Домалақова К. – 383
Дүйсенбайұлы Е. – 327
Еачаткова І. - 151
Елубаев С. – 360
Елубай Е. - 17
Ерғанқызы П. - 29
Есдәулет Ұ. – 9
Есенжол А. – 380
Жаппасұлы Е. - 324
Жекеев С. – 11
Жетпісбаев Қ. - 190
Жолдыбай К. - 329

Жұмабаева Ә. Е. - 32
Жұмабайқызы А. - 282
Жұматаева А. - 12
Жұмашева Қ. - 333
Жүніс Р. - 386
Жүсіп Н. - 24
Жүсіпова Д. З. - 20
Зарқұмар Б. - 29
Иманбайұлы Н. - 206
Исхакова Ф. Қ. - 20
Кәлетаев Д. - 9
Кәрімхан З. - 21, 39
Көшкінов С. - 30
Крась В. - 334
Күлкенов М. - 25
Күмісбайұлы Ш. - 28, 331
Қаба Ә. - 366
Қажи С. - 367, 368
Қалжанов А. - 378
Қалибекұлы Ғ. - 33
Қамшыгер С. - 333
Қасымбеков М. Б. - 14, 16
Қожакеев М. - 13
Қойгелдиев М. - 15
Қошым-Ноғай Б. - 27, 38, 336
Құантайұлы Н. - 369
Құлкенов М. - 25
Құсайынов К. - 332
Мақұлбеков Б. - 307
Махат Д. - 21
Мәженқызы Р. - 12
Мәми Қ. - 36, 49
Медеубекұлы С. - 339
Молдағаринов А. М. - 16

Мұқашев С. – 370
Мұқышева Г. - 25
Мұса Д. – 334
Мұбарак Қ. - 335
Мүрсәлімов А. - 334
Мүсіреп Ғ. – 371
Мұтанов Ғ. М. - 48
Ноғайбекова Б. Ж. - 20
Нұрахметұлы Н. – 139, 141, 170, 276, 285
Нұржүмина Ш. - 12
Нұрланқызы Г. – 356
Нүрпейісов Қ. – 15
Омарғалиева Т. Ж. - 20
Оспанұлы Ж. – 346
Рубцов Н. - 349
Садыр Б. – 324, 357
Саухат Ж. - 46
Сахариева А. - 323
Сәдуақас Г. Т. – 32, 40
Сәрсенбайұлы Р. - 15
Сегізбаев Б. Б. – 21, 337
Сейдірахманұлы Ү. - 39
Серікқызы Ә. – 379, 381, 384
Смағұлқызы К. - 22
Советұлы Б. - 372
Сұлтанғазы А. – 358
Сырғабай А. – 39
Сырлыбай Ж. – 210
Тастанқұлов Н. – 373, 374
Тоқашбаев М. - 375
Тоқтарбай Е. - 39
Толқымбекұлы Р. – 322
Түгел С. – 334
Түменбаев Қ. - 11

Тұнғатар Қ. – 350
Уайсова Г. И. – 32, 40
Үсенбаев Б. – 376
Хасанқызы А. – 36
Шайхы М. – 347
Шарафаддин Ә. – 31
Шәуеев А. – 28
Шолақ Қ. – 360
Ізмұхамбетов Б. С. – 25

Мазмұны

Өмірбаяны.....	5
Н. Қалқаның әдеби-публицистикалық қызметі.....	13
Кітаптары	15
Ұжымдық жинақтары.....	15
Құрастырушы, редактор.....	19
Өлеңдері.....	29
Әңгімелері.....	29
Мақалалары.....	33
Н. Қалқаның өмірі мен шығармашылығы.....	47
Кітаптар.....	47
Мақалалар.....	51
Н. Қалқа туралы.....	57
Н. Қалқаның өлеңдері.....	69
Интернет-ресурстар.....	81
Есімдер көрсеткіші.....	83

ҚАЛҚА НҰРЛАН НҰРАХМЕТҰЛЫ

Библиографиялық көрсеткіш